

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Бөлме гүлдерін күтіп-баптау

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/73359/>**Казимова Гулжайна Абдыханова****Шымкент қаласы****ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ****Мұғалім-дефектолог****Тақырыбы: Бөлме гүлдерін күтіп-баптау****Мақсаты:**

Білімділік: Балалардың көркемдік талғамын дамыту, іскерлік дағдыларын қалыптастыру, қабілеттерін арттыру.

Дамытушылық: Балаларды әсемдік әлемін танып-білуге үйрету, гүлдер туралы толық түсінік беру.

Тәрбиелік: Табиғатқа қамқор көрсету, балалардың аяушылық сезімдерін, бір-біріне деген достық қарым-қатынастарын ояту.

Көрнекілік: Гүлдер бейнеленген суреттер, геран гүлінің суреті, гүл отырғызатын құты, топырақ, су, геран гүлінің көшеті.

Сабақ барысы:

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс мезгілі.
- Дұрыс қыс мезгілі. Қараңдаршы, далада гүлдер, ағаштарда жапырақтар бар ма?
- Жоқ.

- Жарайсыңдар. Ал енді мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Сән береді бөлмеге,

Қысы, жазы көгере.

(Бөлме гүлі).

— Дұрыс айтасыңдар, бөлме гүлі (балалардың назарын гүлдердің суретіне аудару). Балалар, мына гүлдердің суретіне қараңдаршы, біреуі — әдемі, жапырағы жайқалып өсіп тұр, ал екінші гүл – бүгіліп, гүлі мен жапырағы төмен салбырап, күтусіз қалған. Сендер де осы бірінші гүл сияқты тұзу, әдемі болып өсу үшін денелерің шыныққан, тәртіпті, ақылды болуларың керек. Сендер де осы гүл сияқты өсесіңдер, жалқау болмай, тәртіпті болсаңдар, әдемі де ақылды боласыңдар.

Біз бәріміз бірдей гүлді қалай күтіп-баптау керектігін біле бермейміз. Бүгінгі сабағымызда қалай күтіп-баптауды, құтыға гүлді қалай отырғызуды үйренеміз.

— Балалар, гүлді қалай күтіп-баптауды көрсетіп жіберейін.

1. Түбін қопсытамыз.
2. Жапырағын сулы шүберекпен сүртеміз.
3. Су құямыз.

— Міне, гүлдің қалай күтіліп-бапталатынын үйрендік. Ал, балалар, гүлдер бөлмеге не үшін қажет?

— Әдемі болып тұру үшін, ауаны тазарту үшін.

— Дұрыс, жарайсыңдар! Қане, енді гүл туралы қандай мақал-мәтел білеміз.

Ер – елінде, Ел ұлсыз болмас,

Гүл – жерінде. Жер гүлсіз болмас.

Гүлсіз болса – жер мұңды, Күнсіз гүл өспес,

Күлкісіз болса – ел мұңды. Күтусіз ұл өспес.

Сергіту сәті:

Айгүл көлден су алды,

Гүлдерді келіп суарды.

Қызыл, жасыл, ақ гүлдер,

Самал желмен ырғалады.

— Сендер гүлді жақсы көресіңдер ме?

— Иә.

— Жақсы. Енді мен сендерге гүлді қалай отырғызу керектігін үйретемін. Барлығымыз мұқият қараймыз. Бүгін біз бөлме гүлінің бір түрі Геран гүлін отырғызамыз.

1. Құнарлы қара топырақ толтырылған гүлдің құтысын алып, ортасын кішкене тереңірек етіп қазып, геран гүлінің көшетін тамырын үзіп алмай кішкене шұңқырға саламыз.
2. Түбіне су құямыз.
3. Түбін жақсылап топырақпен нығыздап басамыз, үстіне тағы су құямыз.

— Міне, гүлімізді отырғыздық, енді осы гүліміз әдемі болып өсу үшін су құйып баптаймыз.

— Балалар, гүл туралы қандай тыйым сөздер білесіңдер?

— Гүлді аяқпен басуға болмайды.

— Гүлді жұлуға болмайды.

— Балалар, біз бүгінгі сабағымызда гүлді күтіп-баптауды, гүл отырғызуды және гүл туралы мақал-мәтел, тыйым сөздерді үйрендік. Осы үйренгендерімізді жадымыздан шығармай әрдайым гүлге қамқор болуымыз керек. Сендер де осы гүлдер сияқты жайқалып өсе беріңдер.

Қорытынды: Міне балалар, осы отырғызған гүлімізді жақсылып күтіп-баптауымыз керек. Сонда еккен гүліміз үлкен де әдемі болып өседі.